

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№ 3 хаттама

Кентау қаласы

15.11.2024 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Нажи Генч, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, доцент Г.Ж.Ниязова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова, кафедра меңгерушілері: техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикулова, техн.ғ.к., доцент Г.Н.Қазбекова, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: Меирбекова О.Д., Баялы Ә.Т. және ОПК.

Күн тәртібінде

- 1 Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау.
- 2 Дипломдық, магистрлік докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну
- 3 Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру.
- 4 Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау.
- 5 Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы
- 6 Әр түрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша сөз алған факультет деканы Нажи Генч мырза факультет кафедраларының ұсыныстары негізінде 2024-2025 оқу жылындағы Инженерия факультетінің бітіруші білімгерлері арасында диплом жұмысын (жоба) жазатын және мемлекеттік емтихан тапсыратын білімгерлер саны мен кешенді емтихандарды қабылдау түрін төмендегі кестеге сәйкес ұсынысын таныстырды.

№	БББ шифрі	БББ атауы	д/ж жазатын студент саны	Кешенді емтихан тапсыратын студент саны	Қабылдау түрі	Кешенді емтихан тапсыратын пәндер
1	6B06151	Ақпараттық жүйелер	53	-	Жоба қорғау	1-кешенді емтихан 1.Ақпараттық жүйе негіздері 2.АЖ-дағы мәліметтер базасы 2-кешенді емтихан 1.Компьютерлік желілер 2.ІТ-инфрақұрылымы
2	6B06182	Компьютерлік инженерия	8	-	Жоба қорғау	1-кешенді емтихан 1.Бағдарламаларды өңдеудің құрал-жабдықтары 2.Деректер жүйелері

						2-кешенді емтихан 1.Компьютерлік желілер; 2.Объектіге бағытталған бағдарламаларда қосымшалар құру.
3	6B006181	Ақпаратты өңдеу және деректерді визуализациялау	11	-	Жоба қорғау	1-кешенді емтихан 1.Деректер қорының теориясы; 2.Интернет технологиялары. 2-кешенді емтихан 1.Алгоритмдер және деректер құрылымы; 2.Компьютерлік желілер
4	6B07153	Электрэнергетикасы	33	-	жазбаш а-ауызша	1-кешенді емтихан 1.Электр техникасының теориялық негіздері I,II 2.Электр машиналары I,II. 2-кешенді емтихан 1.Ақпараттық өлшеуіш техникасы; 2.Релелік қорғаныс және автоматика
5	6B07154	Автоматтандыру және басқару	18	-	жазбаш а-ауызша	1-кешенді емтихан 1.Сызықты автоматты реттеу жүйесінің теориясы 2.Бейсызықты автоматты реттеу жүйесінің теориясы 3.Автоматика құрылғылары мен элементтері 2-кешенді емтихан 1.Басқару жүйелеріндегі микропроцессорлық кешендер 2.Басқару объектілерін модельдеу және идентификациялау

Сонымен қатар, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламалары талқыланып, бекітуге ұсынылды, бітіру жұмысы формасы дипломдық жоба ретінде анықталды. Дипломдық жоба – жобалық тәсілдерді қолдана отырып шығармашылық сипаттағы жобаларды және басқа да жобаларды дайындау түрінде орындалған, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттердің дербес шешімі болып табылатын студенттің бітіру жұмысы.

Жоғарыда аталған ұсыныстар негізінде дауыс беру ұсынылды, мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдап дауыс берді.

Шешім 1.1:

Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсынылсын және бітіру жұмысы формасы (диплом жұмысы/дипломдық жоба) ұсынылған кестеге сәйкес анықталсын.

Екінші мәселе бойынша Электр инженериясы кафедрасының меңгерушісі доцент м.а. З.Қ.Абдикулова және Компьютерлік инженерия кафедрасының меңгерушісі Г.Казбекова сөз алып, кафедра тарапынан ұсынылған дипломдық, магистрлік докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілері, пікір берушілері тізімі туралы ұсыныстарымен таныстырды. Дипломдық жоба тақырыптарының толықтай жаңартылғандығын және оқытушылар тарапынан олардың саны ұлғайтылғандығын атап өтті.

Шешім 2.1:

Дипломдық, магистрлік докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілері, пікір берушілері бекітуге ұсынылсын.

Үшінші мәселе бойынша кафедра меңгерушісі доцент м.а. З.Қ.Абдикулова сөз алып, білім алушылардың алдағы қысқы емтихан уақыттарының жақындап қалғандығын ескере отырып, пәндік олимпиадаларды өткізуді көктемгі семестрге қалдыруды ұсынды. Келесі сөз кезегін алған Компьютерлік инженерия кафедрасының меңгерушісі техн.ғ.к., доцент Г.Н.Казбекова аталған ұсынысты қолдады. Әрі алдағы күндері студенттердің кезекті ғылыми конференцияларына дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқандығын атап өтті.

Шешім:3.1. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру 2024-2025 оқу жылының 2-семестріне қалдырылсын. Жауаптылар: кафедра меңгерушілері.

Төртінші мәселе бойынша сөз алған факультет деканының орынбасары Ж.Калимбетова білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайы бойынша олардың үлгерім нәтижелерінің ұдайы бақылауда екендігін атап өтті. Сонымен қатар, 2023-2024 оқу жылындағы нәтижелер бойынша оқытушылар арасында талқылаулар ұйымдастырылғандығын атап өтті.

Шешім 4.1: Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайы назарға алынсын.

Бесінші мәселе бойынша факультеттің Оқу әдістемелік комитет төрайымы, доцент Г.Ж.Ниязова сөз алып: оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) пәндер — жиынтық оқу-әдістемелік кешен үшін әзірленген құжаттама, оқыту және бақылау құралдары пәндер. ОӘК пәнді өту үшін жеткілікті толық ақпаратты қамтиды. Жеке пәндер бойынша ОӘК мамандықтың ОП (негізгі білім беру бағдарламасы) бөлігі болып табылады. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы қанағаттанарлық екендігін айты. Атап айтқанда кафедраларда оқу жұмысы іске асырылатын келесі БББ бойынша пәндердің оқу әдістемелік кешендері университет порталына ОПҚ тарапынан жүктелген:

6B06151 – Ақпараттық жүйелер

6B06182 – Компьютерлік инженерия

6B06181 – Ақпаратты өңдеу және деректерді визуализациялау

7M06128 - Ақпараттық жүйелер

7M06146 – Компьютерлік инженерия

8D06115 - Ақпараттық жүйелер
6M0758-Автоматтандыру және басқару
6B07153-Электр энергетикасы
6B07154 -Автоматтандыру және басқару
6M07130-Электр энергетикасы


Шешім 5.1: Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы қанағаттанарлық деп бағалансын.

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы



Г.Ж.Ниязова

Хатшы



О.М.Меирбекова